

**«Білім алушылардың университетте оқудың инфрақұрылымдық және ресурстық жағдайларына қанағаттануын бағалау»
сауалнама қорытындысы бойынша талдау анықтамасы.**

Ректордың 11.11.2025 ж. №1219 бұйрығына сәйкес, Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті «Білім алушылардың университетте оқудың инфрақұрылымдық және ресурстық жағдайларына қанағаттануын бағалау» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнама мақсаты – университеттегі білім алушылардың материалдық-техникалық жағдайларға қанағаттану деңгейін бағалау және бірінші кезекте жақсартуды талап ететін басым бағыттарды анықтау»

Сауалнама құралы: Сауалнама білім алушылардың «Platonus» жеке кабинеттері арқылы жүргізілді. Сауалнама түрі – аралас, сұрақтар саны – 17.

Мақсатты аудитория – білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар.

Зерттеуге **4341** адам қатысты, бұл білім алушылардың олардың жалпы санының **31%** құрайды. (1 кесте).

1 кесте.

**Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны
(факультеттер бойынша)**

	Факультет	Докторанттар контингенті	Респонденттер саны	Респонденттер %
1	Биология-география	1036	370	36%
2	Тарих	894	171	19%
3	Шетел тілдер	2274	613	27%
4	Математики және АТ	1284	782	61%
5	Педагогика	1086	251	23%
6	Физико-техникалық	802	222	28%
7	Филология	1235	136	11%
8	Философия және психология	1499	624	42%
9	Химия	922	244	26%
10	Экономика	1208	604	50%
11	Заң	861	163	19%
	БАРЛЫҒЫ	764	161	21%

Респонденттерге оқудың инфрақұрылымдық және ресурстық жағдайларын 15 критерий бойынша 5 балдық шкаламен бағалау ұсынылды. Инфрақұрылым бөлімі 7 критерий бойынша, ал оқудың ресурстық жағдайлары 8 критерий бойынша бағаланды. Сондай-ақ сауалнама соңындағы ашық сұрақта респонденттерге өз пікірлері бойынша бірінші кезекте жақсартуды талап ететін бірнеше тармақты көрсету ұсынылды. Барлық критерийлер бойынша қанағаттанушылықтың орташа көрсеткіші 3,7 балға бағаланды (74% қанағаттанушылық).

Оқытудың инфрақұрылымдық жағдайларын бағалау.

Осы сұрақтар блогында респонденттер оқу аудиторияларының жай-күйі мен олардың оқу жабдықтарымен жаратандырылуын; спорт нысандарының жабдықталуын;

мамандандырылған кабинеттердің жай-күйі мен жабдықталуын; ортақ пайдалану орындарының жағдайы мен жайлылығын; санитарлық тораптардың жай-күйін; мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жағдайларды бағалай алды. Мәліметтерді талдау нысандардың инфрақұрылымына қанағаттану деңгейі 3,5-тен 3,8 балға дейінгі немесе 70%-дан 76%-ға дейінгі аралықта екенін көрсетеді. Барлық критерийлер бойынша орташа балл 5-тен 3,6-ны құрайды, бұл «орташадан жоғары» деңгейге сәйкес келеді, дегенмен жақсартуды қажет ететін көрсеткіштердің бар екенін аңғартады (2 кесте).

2 кесте.

Бөкетов атындағы ҚарЗУ-дағы оқудың инфрақұрылымдық жағдайларына қанағаттанушылық бойынша сауалнама нәтижелері

Инфрақұрылымдық жағдай бойынша көрсеткіштер	Бал.	%
Зертханалардың / мамандандырылған кабинеттердің жағдайы және жабдықталуы	3,8	76%
Спорт объектілерінің жабдықталуы	3,7	74%
Жалпы пайдалану орындарының (холлдар, демалыс аймақтары, дәліздер) жағдайы мен қолайлылығы	3,7	74%
Аудиторияларды оқу құралдарымен (проекторлар, тақталар, демонстрациялық материалдар) жабдықталуы	3,6	72%
Оқу аудиторияларының жағдайы (жарық, жиһаз, жөндеу жұмыстары, жылыту)	3,5	70%
Санитарлық тораптардың (дәретханалардың) жағдайы	3,5	70%
Ғимараттардың мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімділігі (пандустар, лифттер, тактильді жолдар және т.б.)	3,5	70%
БАРЛЫҒЫ	3,6	72%

- «Мамандандырылған кабинеттер мен зертханалардың жай-күйі» критерийі қанағаттанушылықтың салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішіне ие болды — 76% немесе 3,8 балл.
- Спортпен шұғылдануға арналған жағдайлар 3,7 балға бағаланды (қанағаттанушылық деңгейі 74%).
- Холлдар мен демалыс аймақтары да 3,7 балға (74%) бағаланды, бұл оқудан тыс уақытты өткізуге арналған ортаның жайлылығын растайды.
- Аудиториялардың жабдықталуы — 72% немесе 3,6 балл; респонденттердің пікірінше, жабдықтардың бір бөлігі (проекторлар, интерактивті тақталар) жаңартуды қажет етеді.

Оқудың ресурстық жағдайларын бағалау.

Көрсеткіштердің бұл блогы 3,8 балға (76%) бағаланды. Ресурстық жағдайларға қанағаттану деңгейі 2,8-ден 4,2 балға дейінгі немесе 56%-дан 84%-ға дейінгі аралықта орналасқан (3-кесте).

3 кесте.

Бөкетов атындағы ҚарЗУ-дағы оқудың ресурстық жағдайларына қанағаттанушылық бойынша сауалнама нәтижелері

<i>Ресурстық жағдайлар бойынша көрсеткіштер</i>	Бал.	%
Кітапханасы қорының баспа түріндегі оқу әдебиетімен жабдықталуы	4,2	84%
Электронды кітапхана жүйелерінің және онлайн-ресурстардың қолжетімділігі мен пайдалануға ыңғайлылығы	4,0	80%
«Platonus» ААЖ пайдалану ыңғайлылығы	3,9	78%
Электронды университетті пайдалану ыңғайлылығы	3,9	78%
Сабақтан тыс жұмысқа арналған мүмкіндіктер (үйірмелер, студенттік бірлестіктер, студиялар, т.б.)	3,9	78%
Тамақтану орындарының (асханалар, буфеттер) жағдайы және тамақтану сапасы	3,8	76%
Университеттегі медициналық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы және оның қолжетімділігі	3,8	76%
Оқу ғимараттарындағы Wi-Fi-дың жылдамдығы мен тұрақтылығы	2,8	56%
БАРЛЫҒЫ	3,8	76%

• *Кітапхананың баспа әдебиетімен жабдықталуы* (84% немесе 4,2 балл) және *электронды кітапхана жүйелері* (80% немесе 4 балл) ең жоғары бағаға ие болды, бұл университеттің іргелі базасының жақсы екендігін көрсетеді.

• Сандық ресурстар да жоғары позицияларға ие, атап айтқанда, «Platonus» АЖ мен электронды университетті пайдалану көрсеткіштері бірдей бағаланып, 3,9 балды немесе 78%-ды құрады.

• Сыныптан тыс іс-шаралар мүмкіндіктері **3,9 баллға немесе 78%-ға** бағаланды.


• Тамақтану орындарының жағдайы мен медициналық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы **3,8 баллды немесе 76%-ды** құрады. Бұл көрсеткіштер сервис сапасын жақсартуды талап етуі мүмкін.

Оқытудың ресурстық жағдайларындағы әлсіз тұс дәстүрлі түрде Wi-Fi жылдамдығы мен тұрақтылығы болып қала бермек – **2,8 балл немесе 56%** қанағаттану деңгейі.

Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығының (АТЖТО) мәліметтері бойынша, 2024 жылдан бастап ҚарҰЗУ АЖКМЗО (ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері) тізбесіне кіреді. Ақпараттық қауіпсіздіктің қолданыстағы талаптарына сәйкес, интернет желісіне шығу қорғалған байланыс арнасы — **БИШ** (Бірыңғай интернетке шығу шлюзі) арқылы жүзеге асырылады. Құрылғылардың (смартфондар, планшеттер, ноутбуктер) Wi-Fi желісіне қосылған кезде дұрыс жұмыс істеуі үшін **қауіпсіздік сертификатын орнату міндетті** болып табылады. Сондай-ақ, 2025 жылдан бастап Университетте өткізу қабілеті **2 Гбит/с** болатын Интернетке қосылу арнасы жұмыс істейді. Бұл жоғары жылдамдықты қамтамасыз етеді және білім беру мен әкімшілік процестердің қажеттіліктерін толық өтейді.

Орташа есеппен университеттегі оқу жағдайларына жалпы қанағаттану көрсеткіші 81%-ды құрады (оның ішінде 36% — «Толық қанағаттанамын» және 45% — «Қанағаттанарлық») (1-сурет).

Общая степень удовлетворенности обучающихся условиями обучения в университете



1 сурет.

5-кестеде оқу жағдайларына қанағаттану деңгейі факультеттер бөлінісінде көрсетілген. Біз ең жоғары қанағаттану көрсеткіші дене шынықтыру және спорт факультетінде – 90%, ал ең төменгі көрсеткіш философия және психология факультетінде – 31% екенін көреміз, яғни аталған факультеттің әрбір үшінші білім алушысы оқу жағдайларына көңілі толмайды.

5 кесте.

Факультеттер бойынша оқу жағдайларына қанағаттану деңгейі

№	Оқу корпусы	Факультеттер	Респ-т саны	Қанағат.%	Қанағат емес %
1.	№7	Дене мәдениеті және спорт	136	90%	10%
2.	№2	Физика-техникалық	222	89%	11%
3.	№8	Филология	624	84%	16%
4.	№6	Химия	604	84%	16%
5.	№1	Заң	161	82%	18%
6.	№9	Шетел тілдер	613	79%	21%
7.	№2	Математики и АТ	782	79%	21%
8.	№11	Педагогика	251	79%	21%
9.	№1	Экономика	163	79%	21%
10.	№3	Биология-география	370	78%	22%
11.	№4	Тарих	171	77%	23%
12.	№8	Философия және психология	244	69%	31%
		БАРЛЫҒЫ	4341	81%	19%

Айта кету керек, бір аумақта (№8 оқу корпусы) орналасқанына қарамастан, филология факультеті мен философия және психология факультеті студенттерінің қанағаттану деңгейінде айтарлықтай алшақтық байқалады. Филология факультетінің студенттері жоғары қанағаттанушылықты (84%) көрсетсе, философия және психология факультетінің көрсеткіші 15%-ға төмен болып, 69%-ды құрады.

Сауалнама соңында респонденттерге оқу жағдайын жақсарту бойынша өз тілектерін білдіру ұсынылды. Төменде респонденттер ең жиі атап өткен ұсыныстар берілген:

- Оқу корпусарындағы Wi-Fi жылдамдығы мен тұрақтылығын жақсарту – респонденттердің 30%-ы;
- Материалдық-техникалық базаны жаңғырту, оқу корпусарын жөндеу, оқу аудиторияларын жаңа эргономикалық жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру – респонденттердің 25%-ы;
- Қысқы кезеңдегі температуралық режимді оңтайландыру – респонденттердің 20%-ы;
- Демалысқа, коворкингке, бірлесіп оқуға арналған жайлы аймақтарды дамыту – респонденттердің 11%-ы.

Қорыты:

1. Университеттегі оқудың материалдық-техникалық жағдайларына жалпы қанағаттану деңгейі 81%-ды құрады (36% — «Толық қанағаттанамын» және 45% — «Қанағаттанарлық»).

2. Оқудың инфрақұрылымдық жағдайларын бағалау 3,6 баллды немесе 72%-ды, ал ресурстық жағдайларын бағалау — 3,8 баллды немесе 76%-ды құрады.

3. Ең төменгі балл (3,5) санитарлық тораптардың жай-күйіне, температуралық режимге және ғимараттың инклюзивті ортаға (ұтқырлығы төмен топтар үшін) қолжетімділігіне берілді. Бұл көрсеткіштерге көңілі толмаушылық білім алушылардың жалпы эмоционалдық жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

Алдағы уақытта жұмыс істеу үшін сауалнама қорытындысы бойынша анықтама Басқарма мүшелері — проректорларға, құрылымдық бөлімдерге және факультет басшылығына жіберіледі.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген

Факультеттер бойынша Бөкетов атындағы ҚарЗУ-дағы оқу жағдайларына қанағаттанушылық бойынша сауалнама нәтижелері

	<i>Инфрақұрылымдық жағдайлар</i>	ЖОО БОЙН.	БГФ	ТАР	ШЕТ	МАЖ	ПЕД	ФИЗ	ДМС	ФИЛ	ФИП	ХИМ	ЭК	ЗАҢ
1	Оқу аудиторияларының жағдайы (жарық, жиһаз, жөндеу жұмыстары, жылыту)	3,5	3,5	3,4	3,5	3,3	3,4	3,7	4,0	3,8	3,2	3,6	3,4	3,4
2	Аудиторияларды оқу құралдарымен (проекторлар, такталар, демонстрациялық материалдар) жабдықталуы	3,6	3,6	3,4	3,5	3,6	3,5	3,9	4,0	3,7	3,1	3,7	3,6	3,6
3	Спорт объектілерінің жабдықталуы	3,7	3,6	3,6	3,5	3,6	4,0	3,9	4,3	4,0	3,4	3,6	3,6	3,4
4	Зертханалардың / мамандандырылған кабинеттердің жағдайы және жабдықталуы	3,8	3,9	3,6	3,7	3,8	3,7	4,2	4,2	4,0	3,6	3,7	3,8	3,9
5	Жалпы пайдалану орындарының (холдар, демалыс аймақтары, дәліздер) жағдайы мен қолайлылығы	3,7	3,7	3,9	3,6	3,7	3,8	4,0	4,2	3,9	3,3	3,5	3,9	3,9
6	Санитарлық тораптардың (дәретханалардың) жағдайы	3,5	3,6	3,4	3,3	3,5	3,2	3,8	3,8	3,4	3,0	3,7	3,3	3,5
7	Ғимараттардың мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімділігі (пандустар, лифттер, тактильді жолдар және т.б.)	3,5	3,5	3,5	3,5	3,3	3,6	3,7	4,1	3,7	3,2	3,6	3,5	3,5
	<i>Ресурстық жағдайлар</i>													
1	«Platonus» ААЖ пайдалану ыңғайлылығы	3,9	3,8	3,9	3,9	3,8	3,9	4,0	4,1	4,1	3,7	4,0	3,8	3,7
2	Электронды университетті пайдалану ыңғайлылығы	3,9	3,8	3,9	3,9	3,9	3,9	4,0	4,2	4,1	3,7	4,0	3,9	3,7
3	Кітапханасы қорының баспа түріндегі оқу әдебиетімен жабдықталуы	4,2	4,3	4,4	4,3	4,1	4,4	4,1	4,3	4,4	4,2	4,0	4,2	4,0
4	Электронды кітапхана жүйелерінің және онлайн-ресурстардың қолжетімділігі мен пайдалануға ыңғайлылығы	4,0	4,0	4,0	4,0	3,9	4,1	4,0	4,2	4,2	3,9	4,0	4,0	4,0
5	Оқу ғимараттарындағы Wi-Fi-дың жылдамдығы мен тұрақтылығы	2,8	3,0	3,3	2,5	2,2	2,7	2,7	3,4	3,3	2,7	3,0	2,7	2,7
6	Тамақтану орындарының (асханалар, буфеттер) жағдайы және тамақтану сапасы	3,8	3,8	3,8	3,9	3,8	3,9	3,8	4,2	4,0	3,6	3,6	4,1	4,0
7	Университеттегі медициналық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы және оның қолжетімділігі	3,8	3,6	3,7	3,7	3,7	3,8	3,9	4,1	3,9	3,4	3,9	3,8	3,9
8	Сабақтан тыс жұмысқа арналған мүмкіндіктер (үйірмелер, студенттік бірлестіктер, студиялар, т.б.)	3,9	3,8	4,0	3,9	3,9	3,9	4,1	4,2	4,1	3,7	3,9	4,0	3,9
	БАРЛЫҒЫ	3,7	3,7	3,7	3,6	3,6	3,7	3,8	4,1	3,9	3,4	3,7	3,7	3,7

